

ALPHA



ALPHA



Білікті басшы, ұлағатты ұстаз

Еліміздегі ертеңгі тізгін ұстар, Отанын ғаламдық дамудың көшінен қалдырмай өрге шығарар азамат тәрбиелеу ұстаздарға жүктелген аса маңызды да жауапты міндет. Осы жауапты міндеттің үдесінен табылып, жаңа заманның ауыр жүгін қайыспай көтере білген ұстаз, ғалым, басшы Нұрлыбек Ғилажұлы Дауымов өз ісіне берілген жан.

Ол үнемі ізденіске толы өмір жолында қарапайым мұғалімдіктен жаңа тұрпатты мектеп басшысына дейінгі өнегелі баспалдақтардан өтті. Жастайынан білімге құштар жан спорттан қол үзбей, талай биіктерді бағындырды.

Мектепті бітірісімен Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтқа түсті. Оны бітірісімен ұстаздық қызметке кірісті, арасында еңбектен қашпайтын жас құрылысқа барып та бағын сынады. Осында жүріп партия қатарына өтіп, кадрлар резервіне қойылды.

Көп кешікпей Атырау облыстық спорт мектебіне, кейіннен қаладағы №16 мектепке директор болады. Мұнда да басшылық келбетімен көрінді. Алдына таудай мақсат қойып, соған ұмтылған жан еліміздегі тәуелсіздікпен бірге келген білім жүйесіндегі реформаларға да атсалысты.

1990 жылы облысымызда тұңғыш ашылған дарынды балаларға арналған жаңа экспериментальды мектеп-интернатына директорлыққа тағайындалды. Жаңадан білім айдынына құлаш ұрған білім ордасының іргелі де озық ұлттық білім ошағына айналып, жаңа мазмұнды оқыту жүйесіне көшуіне көп күш салды.

Алғашқы шәкірттеріне есігін ашқан шақта өзінің арнайы оқу ғимараты да жоқ болатын, содан бері ескі орында болса да материалдық базасы жоқ мектептен іргелі білім ордасын қалыптастыруға күш жұмсады.

Оқушылардың саналы да терең білім алуы мен демалуына барлық жағдайлар жасап, үлгілі білім ордасына айналдырды. Қазіргі таңда жаңа мектеп тұрғызуға негіз қаланып, оны «Аджип» компаниясы қаржыландырмақ. Атырау облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар гимназияда оқушыларға білім беру үш бағытта жүргізіледі. Мектепте қазіргі заманғы білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану жолға қойылды. Осындай ізденісті еңбектің арқасында гимназия шәкірттері ғылым жолының құпияларын меңгеруге ұмтылып, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарында жоғары нәтижелерге қол жеткізуде.

ҰБТ қорытындыларында да гимназия оқушылары жақсы көрсеткіштерді иемденуде. Білім ордасы ашылғалы 63 оқушы «Алтын белгімен», 87 оқушы «Үздік аттестатпен» бітірді. Мектеп түлектері арасынан осы кезеңде 2 ғылым докторы мен 11 ғылым кандидаты шықты. Жылма-жыл түлектері жоғары оқу орындарына грантқа түсуде. Осындай жетістіктерінің арқасында ұлттық гимназия республикадағы алдыңғы қатарлы 10 мектептің тізіміне енді.

Санамалай берсе жеткен жетістік, алған асу жетерлік. Мұның бәрі мектеп директоры Нұрлыбек Ғилажұлының тынымсыз еңбегі мен өлшеусіз төккен терінің жемісі. Бұл айтуға ғана оңай, ол ізденісті басшылықтың, бірлесе атқарған ұжым тірлігінің жеңісі.

Н.Дауымов дарынды және қабілетті балалармен жұмыс істеудің мақсаты мен мазмұнын шебер меңгерген. Ол әркез мектеп түлектерімен байланысты үзбей, оларды қолдап, алған асуларына, шыққан биігіне мақтанып отырады. Бұл да ұстаз бақыты емес пе?! Бізбен әңгімесінде ол: «Ұстаз бақыты – оның озып туған шәкірті. Мектебіміздегі ұстаздардың көбі өзіміздің түлектеріміз. Олар әркез оқушыларға білікті де саналы білім беруде. Бұлар мақтанышымыз, оларды бөле-жара айтуға болмас. Сондықтан олар менің ғана емес, барша ұстаздардың бақыты» деді. Бұған қосылмасқа дау жоқ. Ол өңіріміздің қоғамдық өміріне де белсене араласып келеді. «Нұр Отан» ХДП-сы облыстық филиалының қызметіне де көп көмегін тигізіп, қалада дербес бастауыш ұйымды ашып, жетекшілік етеді. Бұл бастауыш ұйым қаладағы түрлі шараларда белсенділік танытуда.

1995-1999 жылдары облыстық мәслихат депутаты болса, 1993 жылдан бастап зерттеу жұмыстарымен айналысты. 2000 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы жанындағы аспирантураға сырттай оқуға түсіп, ғылыми кеңес отырысының қаулысымен «Кәсіптік білімді информатизациялау» зертханасына тіркелді, осы жылы «Оқытуды ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту» деп аталатын диссертациялық зерттеу тақырыбы бекітілді. 2002 жылы ІІ Республикалық жастар және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі инновациялық әлеуметтік-педагогикалық жобалар фестиваліне қатысып, «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының сертификатын иеленді. 2003 жылы М.Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі этнопедагогикалық проблемалар» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми педагогикалық конференцияға қатысып, «Үздік баяндамашы» атанды.

2009 жылы «Дарын» республикалық мектептері арасындағы «Ең үздік мұғалім» атағы берілсе, кейін «Ең таңдаулы директор» атағын иеленді. Сонымен қатар ұлттық болмыстың, тілдің жанашыры. Мерзімді ұлттық басылымдардың таралуына, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың кең өріс алуына да жете көңіл бөледі. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төралқа мүшесі. Қоғамның қызметіне үнемі қолдау көрсетіп келеді.

Еңбекте ізденіс танытқан жан абыройлы. Ол педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Педагогика Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі.

Алған марапаттары да бір басына жетерлік. «ҚР Конституциясына 10 жыл», Ы.Алтынсарин атындағы медальдерін төсіне тақса, «ҚР білім беру ісінің үздігі», «ҚР білім беру ісіне еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгілерін иеленді. Жоғарғы және жергілікті органдардан алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары, ескерткіш сыйлықтары да жетіп артылады. Спорт саласының ардагері, КСРО спорт шебері. Салауатты өмір салтын да серік етіп келеді.

Отбасында зайыбы ұстаз Тамара екеуі 4 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі жоғары білімді мамандар, әр салада жемісті еңбек етуде. Үлкен ұлы Дәуреннен немере, қызы Дидарадан екі жиен сүйіп отыр. Бұл да әке бақыты, отбасы шаттығы екені ақиқат.

Білікті басшы, ұлағатты ұстаз қос бестіктің жалына қол артып, ел болашағын тәрбиелеуде тынымсыз күндер мен түндерді артқа тастап, абырой биігінде келеді. Оның жеткен жетістігі, шыққан асуынан гөрі әлі қоғамға берері мол. Бұған шүбәсіз сенемін.

Әбілхан Төлеуішов